

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасы 2000 жылғы 30 қазан N 401 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 1 желтоқсан N 1315 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есебі жөніндегі ұсынымдарын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 V991010_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен кейін он төрт күн өткен соң күшіне енгізілсін.

2. Уәкілетті ұйымдар әділет органынан мемлекеттік тіркелуге рұқсат алу үшін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратына келіп түскен жарғыларға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала келісу үшін ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілгенге дейін бұрынғы белгіленген тәртіпке сәйкес қаралады деп белгіленсін.

3. Валюталық реттеу және бақылау басқармасы (Мәженова Б.М.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және облыстық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулыны және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайтын болсын.

6. Уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар осы қаулы және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты

бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар күшіне енгізілген күннен бастап 3 айдың ішінде өздерінің айырбастау пункттерінің үй-жайларын және жабдықтарын жанадан белгіленген талаптарға с ә й к е с к е л т і р с і н .

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2000 жылғы 30 қазандағы
N 401 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіндегі 1999 жылғы 24 желтоқсандағы мемлекеттік тіркеу N 1010 V991010_ , мынадай өзгерістер мен то л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1. Мәтін бойынша "нотариалды куәландырылған" деген сөздер "нотариат растаған" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) пошта байланысының уәкілетті ұйымдары - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде құрылған және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар пошта байланысының ұйымдары;"

3. 11-тармақтағы "ашылған" деген сөз "ашылатын" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н

4. 14-тармақтың 1) тармақшасындағы "кадр бөлімі мен ұйым басшысы куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі қоса" деген сөздер алынып

т а с т а л с ы н .

5. 17-тармақтағы "бес жұмыс күні" деген сөздер "отыз күнтізбелік күн" деген сөздермен ауыстырылсын;

6. 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, пошта байланысы уәкілетті ұйымының айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігінде көрсетілген көшелердің атаулары, үйлердің номерлері және т.б. өзгерген кезде Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін қайта тіркейді.

Айырбастау пункттерін қайта тіркеу айырбастау пунктінің үй-жайларына тексеру жүргізбей-ақ және іс қағазында бар құжаттарды қайта ұсынбай-ақ осы Нұсқаулықта айырбастау пункттерін тіркеу үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің үй-жайларынан тыс жерде орналасқан айырбастау пунктінің, сондай-ақ пошта байланысы уәкілетті ұйымының айырбастау пунктінің (орналасқан жеріне қарамастан) үй-жайларының орнын ауыстырғанмен айырбастау пунктінің мекен-жайы өзгермейтін болса, уәкілетті банк, уәкілетті кредиттік серіктестік, пошта байланысының уәкілетті ұйымы бұл жөнінде Ұлттық Банктің филиалына он жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлауға, осы Нұсқаулықтың 13-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген құжаттарды және дабыл беру құралдарын (айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаса) пайдалануға қабылдау (техникалық жай-күйін тексеру) актісінің түпнұсқасын немесе нотариат растаған көшірмесін қоса ұсынуға міндетті."

7. 24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Уәкілетті ұйымды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рұқсатын (бұдан әрі - рұқсат) осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Ұлттық Банктің филиалы береді.

Ұлттық Банктің филиалдары тіркеу журналдарында берілген рұқсаттардың есебін жүргізіп отырады."

8. 25 - тармақтың:

1) 2) тармақшасындағы "қазақ" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 4-тармақшасындағы "23-тармағының 3-тармақшасында" деген сөздер "23-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9. 26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Ұлттық Банктің филиалы құжаттар толық түскен күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және уәкілетті ұйым құрылтайшыларының (қатысушыларының) қолданылып жүрген заңдардың және осы Нұсқаулықтың талаптарына сай болуын тексереді. Ұлттық Банктің филиалы

ұсынған құжаттарды қарау және құрылтайшыларды тексеру нәтижелері бойынша рұқсат береді немесе бас тарту себептерін көрсете отырып рұқсат беруден бас тартады. Құжаттар жазбаша ескертпелермен қайтарылған жағдайда, уәкілетті орган құжаттарды қайтадан ұсынғаннан кейін оларды қарау мерзімі қайта есептеледі.

10. 27-тармақ алынып тасталсын.

11. 28-тармақтың:

1) бірінші азатжолындағы "Ұлттық Банк" деген сөздер "Ұлттық Банктің филиалы" деген сөздермен, "әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рұқсаты" деген сөздер "рұқсат" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2)-тармақшасындағы "23-тармағының 3-тармақшасында" деген сөздер "23-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) бесінші азатжолы алынып тасталсын.

12. 29-тармақ алынып тасталсын.

13. 31-тармақтың:

1) 3) тармақшасындағы "қазақ" деген сөз "мемлекеттік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 9) тармақшасындағы "кадр бөлімі мен ұйым басшысы куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі қоса" деген сөздер алынып тасталсын.

14. 36-тармақтың:

1) 2)-тармақшасы алынып тасталсын;

2) 4) тармақшасындағы "23-тармағының 3-тармақшасында" деген сөздер "23-тармағында" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. 37-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. егер уәкілетті ұйымның барлық айырбастау пункттері қатарынан үш ай бойы жұмыс істемесе, оның ішінде оларды ашуға берілген тіркеу куәлігін қайтарып алу себебі бойынша;"

16. Мынадай мазмұндағы 37-1-тармақпен толықтырылсын:

"37-1. Уәкілетті ұйым қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны жоғалтып алған жағдайда бір айдың ішінде Ұлттық Банкке мынадай құжаттар ұсынуға міндетті:

1) лицензияны жоғалтып алу себептері мен жағдайлары көрсетілген өтініш;

2) лицензияның жоғалғанын немесе ұрланғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

3) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі.

Ұлттық Банк құжаттар толық түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде лицензияның көшірмесін қайта ресімдейді және оны уәкілеттік ұйымға беру үшін Ұлттық Банктің филиалына жібереді.

Лицензияның көшірмесі алғашқы лицензияның номерімен және күнімен "Көшірме" деген сөз және лицензияның көшірмесі берілген күні көрсетіліп берілетін болады."

17. 38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Уәкілетті ұйым қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны жоғалтып алған жағдайда бір айдың ішінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру лицензиясын қайта ресімдеу үшін Ұлттық Банкке өтініш беруге және мынадай құжаттар ұсынуға міндетті:

- 1) лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;
- 2) құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулардың нотариат растаған көшірмелері;
- 3) уәкілетті ұйымның жаңа мекен-жайын көрсете отырып мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің нотариат растаған көшірмесі немесе уәкілетті ұйымның мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі;
- 4) лицензиялық алымның төленгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі.

Ұлттық Банк құжаттар толық түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдейді және оны уәкілетті ұйымға беру үшін Ұлттық Банктің филиалына жібереді.

Қайта ресімделген лицензия алғашқы лицензияның номерімен және күнімен және оның қайта ресімделген күні көрсетіліп берілетін болады."

18. 39-тармақ алынып тасталсын.

19. 40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Уәкілетті ұйымның жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар немесе жарғының жаңа редакциясы әділет органдарында тіркелгенге дейін Ұлттық Банктің филиалымен алдын ала келісілуі тиіс. Уәкілетті ұйымдар жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды немесе жарғының жаңа редакциясын келісу үшін Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды немесе жарғының жаңа редакциясын қарау туралы өтініш;
- 2) жарғыға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың немесе жарғының жаңа редакциясының мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі нотариат растаған көшірмесі;
- 3) осы Нұсқаулықтың N 3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылтайшылар туралы мәліметтер (егер құрылтайшылар құрамы, жарғылық капиталдың мөлшері немесе жарғылық капиталдағы үлестерді бөлу өзгерген болса);

4) осы Нұсқаулықтың 23-тармағында көрсетілген тұлғалардың құрылтайшылар құрамына кірмейтіні жөнінде жазбаша растау (егер құрылтайшылар құрамы өзгерген болса).

Келісу осы Нұсқаулықта рұқсат алу үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Уәкілетті ұйым көрсетілген өзгерістер мен толықтыруларды әділет органдарында тіркегеннен кейін бір айдан кешіктірмей олардың нотариат растаған көшірмелерінің екі данасын Ұлттық Банктің филиалына беруге міндетті, оның бірін Ұлттық Банктің филиалы Ұлттық Банктің орталық аппаратына жібереді."

20. 43 - тармақтың:

1) 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын: "Сонымен бірге жалға алу шартында жалға алынатын үй-жайдың мақсатқа сай пайдалануы көрсетілуі тиіс."

2) 5) тармақшасының үшінші азатжолындағы "күзет және өрт дабылы" деген сөздер "қауіп дабылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшасындағы "көшірмесіне қоса еңбек кітапшасынан нотариалды куәландырылған үзінді көшірме" деген сөздер "көшірмесі" деген сөзбен ауыстырылсын.

21. Мынадай мазмұндағы 45-1 тармақпен толықтырылсын:

"45-1. Уәкілетті ұйым тіркеу куәлігін жоғалтып алған жағдайда он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банктің филиалына мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) тіркеу куәлігін жоғалтып алу себептері мен жағдайлары көрсетілген өтініш;

2) тіркеу куәлігінің жоғалу, жойылу немесе ұрлану фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Ұлттық Банктің филиалы он жұмыс күні ішінде уәкілетті ұйымға тіркеу куәлігінің көшірмесін береді.

Тіркеу куәлігінің көшірмесі алғашқы лицензияның нөмірімен және күнімен, "Көшірме" деген сөз және лицензияның көшірмесі берілген күні көрсетіліп берілетін болады."

22. 46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктін ашуға арналған тіркеу куәлігінде көрсетілген көше, ғимарат нөмірлері және т.б. өзгерген жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін қайта тіркеуден өткізеді.

Уәкілетті ұйым қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген жаңа лицензияны алған кезде Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымның айырбастау пункттерін қайта тіркеуден өткізеді.

Айырбастау пункттерін қайта тіркеу іс қағазында бар құжаттарды қайта ұсынбай-ақ айырбастау пункттерін тіркеуге арналған осы Нұсқаулықта көзделген

тәртіппен жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң орнын ауыстырғанмен, айырбастау пунктiнiң мекен-жайы өзгермейтiн болса, уәкілетті ұйым бұл туралы Ұлттық Банктің филиалына осы Нұсқаулықтың 43-тармағының 4) тармақшасында көрсетiлген құжаттарды және қауіп дабылы құралдарын (айырбастау пунктінде қарулы күзет болмаса) пайдалануға (техникалық жағынан тексеруге) қабылдап алу туралы актінің түпнұсқасы немесе нотариат растаған көшірмесін қоса он жұмыс күні ішінде хабар беруге міндетті."

23. 47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Айырбастау пункттерінің банктің үй-жайында орналасқан касса бөлмесі клиенттерден оқшауланған болуы керек. Айырбастау пункттерінің кредиттік серіктестіктің, пошта байланысы ұйымының, сауда ұйымының, қонақ үйдің, әуежайдың үй-жайында және басқа үй-жайларда орналасқан касса бөлмесі қызметкерлерден және клиенттерден оқшауланған болуы керек. Клиенттерге тек касса терезесі (терезелері) арқылы ғана қызмет көрсетіледі."

24. 48-тармақтағы "жеке тұрған ғимараттың" деген сөздер "жеке тұрған жылжымайтын ғимараттың" деген сөздермен ауыстырылсын.

25. 51-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші азатжолдармен толықтырылсын:

"Ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтайтын техникалық құралдар сынып қалған жағдайда, басқа себеппен жұмыс істей қалса немесе осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, айырбастау пункті қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізуді тоқтатуы тиіс.

Ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтайтын техникалық құралдар ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтайтын кемінде 3 тәсілді, соның ішінде ультрафиолетті міндетті түрде байланыстыруы тиіс."

26. 52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Уәкілетті банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінің қазыналық есте сақтау қабілеті бар бақылау-касса машиналарын, қазыналық есте сақтау қабілетімен жарақталған компьютерлік терминалдарды, барлық орындалған операциялардың түзетілмейтін тіркеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдары бар компьютерлік жүйелерді қолдануы Қазақстан Республикасының салық заңдарымен реттеледі."

27. 54-тармақтың он екінші азатжолындағы "көшірмесімен қоса кадр бөлімі мен ұйым басшысы куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесі" деген сөздер "көшірмесі" деген сөзбен ауыстырылсын.

28. 55-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде тек қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ғана жүргізуге болады. Уәкілетті банктердің айырбастау пункттері ретінде тіркелген есеп айырысу-касса бөлімдерінде бір уақытта қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын және банк заңдарына сәйкес өзге банктік операцияларды жүргізуге ғана болады."

29. 64-тармақтың бірінші азат жолындағы "сатып алынған және сатылған шетел валютасын тізімдеу журналында" деген сөздер "бухгалтерлік құжат болып табылатын сатып алынған және сатылған шетел валютасын тізімдеу журналында" деген сөздермен ауыстырылсын.

30. 65-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар тізімдеу журналын ресімдеу үшін осы тармақтың бірінші азатжолында көрсетілген талапқа сәйкес Ұлттық Банктің филиалына өтініш жасауы тиіс. Ұлттық Банктің филиалы тізімдеу журналының белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және оны келіп түскен күннен бастап он күн ішінде ресімдейді. Уәкілетті банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның бір айырбастау пункті үшін бірнеше тізімдеу журналдарын ресімдеуге болады."

31. Мынадай мазмұндағы 69-1 тармақпен толықтырылсын:

"69-1. Уәкілетті банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымға қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда, анықтама-сертификаттардың пайдаланылмаған кітапшалары Ұлттық Банктің филиалына қайтарылуы тиіс. Ұлттық Банктің филиалы анықтама-сертификаттардың қайтарылған кітапшаларының құнын оларды Ұлттық Банктің сату бағасы бойынша өтейді."

32. 73 - тармақтың:

1) бірінші азатжолындағы "сатып алу және сату көлемі туралы есепті" деген сөздер "бухгалтерлік құжат болып табылатын сатып алу және сату көлемі туралы есепті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) төртінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

"Шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы күнделікті есептің бір күнтізбелік айдан аспайтын мерзімде тігінділері жасалады. Тігінділер соңғы тігілген есеп жасалған күннен бастап 5 жыл бойы сақталады."

33. 74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Уәкілетті банктер Ұлттық Банктің филиалына ай сайын, Ұлттық Банктің филиалы белгілеген мерзімде банктік статистикалық есепті ұйымдастыру

мәселелері бойынша Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген нысанда шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы есеп беріп отырады.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар Ұлттық Банктің филиалына ай сайын, Ұлттық Банктің филиалы белгілеген мерзімде осы Нұсқаулыққа N 12 қосымшада белгіленген нысанда шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы есепті ұсынады. Есеп айырбастау пункттеріне қатысты беріледі.

Шетел валютасын сатып алу және сату көлемі туралы уәкілетті банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар беретін есепті Ұлттық Банктің филиалдары есеп жасалған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептегенде екі жыл бойы сақтайды."

34. 76-тармақтағы "Басқарманың 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 212 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының банктерінде статистикалық есеп беруді ұйымдастыру ережесінде" деген сөздер Ұлттық Банктің "банктік статистикалық есеп беруді ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

35. 82-тармақтағы "және агенттер" деген сөз алынып тасталсын.

36. 84-тармақ мынадай мазмұндағы екінші азатжолмен толықтырылсын:

"Уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың тексеруге кедергі жасауы, оның ішінде комиссия мүшелерінің (инспекторлардың) уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдардың және айырбастау пункттерінің үй-жайына кіруге бөгет жасауы, талап еткен құжаттарды бермеуі, уәкілетті банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар қызметкерлерінің қызметтік міндеттеріне қатысты қажетті мәліметтер беруден бас тартуы уәкілетті банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдарға немесе олардың басшыларына банк заңдарында көзделген санкциялар мен басқа ықпал ету шараларын қолдануға негіз болып табылады."

37. 87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Уәкілетті ұйымдардың айырбастау пунктінің осы Нұсқаулықтың нормаларын бұзғаны анықталған кезде, Ұлттық Банктің филиалы тәртіп бұзутүріне қарай:

- 1) анықталған тәртіп бұзушылықтарды жою үшін белгілі мерзім белгілеуге;
- 2) айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігін қайтарып алуға;
- 3) Ұлттық Банктің орталық аппаратына лицензияны қайтарып алу немесе лицензияның қолданылу күші тоқтата тұру жөнінде ұсыныс беруге құқылы.

Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымның айырбастау пункті соңғы үш

айда жұмыс істемеген жағдайда айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігін қайтарып алуға құқылы.

Айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігін қайтарып алу жөнінде қолданылған санкциялар туралы Ұлттық Банктің филиалы үш күндік мерзімде Ұлттық Банктің орталық аппаратына хабарлап, санкция қолданудың дәлелді негіздемесін, тексеру актілерінің және растау құжаттарының көшірмелерін қоса жібереді. "

38. N 2 және N 12 қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 400 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа
N 2 қосымша

РҰҚСАТ

N _____ " _____ " _____ ж.

(берілген уақыты)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің _____ филиалы
(филиалдың атауы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде қолма-қол
шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру үшін
құрылатын

(занды тұлғаның атауы және мекен-жайы)

занды тұлғаның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуіне рұқсат
береді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің _____
филиалының директоры

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 400 қаулысымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
қолма-қол шетел валютасымен
айырбастау операцияларын
ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа
N 12 қосымша

Айырбастау пунктiнiң тiркеу номерi және мекен-жайы _____

Банк операцияларының жекеленген түрлерiн
жүзеге асыратын, айырбастау пунктiн ашқан
уәкiлеттi ұйымның тұрған жерi және атауы _____

Шетел валютасын сатып алу және сату туралы
ЕСЕП

_____ 2000 ж.
(айдың атауы)

1. Айырбастау пункттерi сатып алған шетел валютасы

Валютаның атауы	Ең аз бағам (валюта бірлігі үшін теңге, тиын)	Ең көп бағам (валюта бірлігі үшін теңге, тиын)	Орташа алынған бағам (валюта бірлігі тып алынған үшін теңге, шетел валю. тасының жалпы көлемі)	Жеке тұлға. лардан са.
-----------------	---	--	--	------------------------

A	1	2	3	4
---	---	---	---	---

2. Айырбастау пункттерінің шетел валютасын сатуы

Валютаның Ең аз бағам Ең көп бағам Орташа алынған Жеке тұлға.
атауы (валюта бірлігі (валюта бірлігі бағам ларға са.
үшін теңге, үшін теңге, (валюта бірлігі тылған
тиын) тиын) үшін теңге, шетел валю.
тиын) тасының
жалпы
көлемі

A	1	2	3	4

Басшының қолы _____

Бас бухгалтердің қолы _____

Орындаушы _____

телефон _____

Ескерту: Есеп айырбастау пункттерінде жүргізілген операцияларға қатысты валютаның барлық түрлері бойынша толтырылады.

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК